

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 қаңтарда № 10167 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 2015 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енеді.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында :

бюджет түсімдерінің жіктемесіне:
«Салықтық түсімдер» 1-санатында:

06 «Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар» сыныбында :

«Кеден төлемдер» 1-кіші сыныбында:

01 «Кеден одағында әкелу кедендік баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) есепке жатқызу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімге сәйкес төленген әкелінетін кедендік баждар (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар)» ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

«01 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес төленген әкелінетін кедендік баждары (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар)»; мынадай мазмұндағы 13 және 16 ерекшелікпен толықтырылсын:

«13 Армения Республикасымен бөлінген кедендік баждар

16 Армения Республикасынан түскен кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің өндіріп алынған сомалар»;

«Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар» 2-кіші сыныбы :

Армения Республикасынан түсетін арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары	1	06	2	09	100				
Аударуы тоқтатылған, бөлуден түсетін арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомасы	1	06	2	10	100				

»

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік заңнама департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырудың қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енеді.

Министр

Б. Сұлтанов